

УДК 336.71(574)

А. С. Мурзағалиев, магистрант

А. М. Казамбаева, экономика ғылымының кандидаты, доцент

'Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Банктік мекемелер өте әр түрлі болып табылады. Қазіргі уақытта, банктер операциялардың алуан түрлерін жүргізеді, олар әмбебап және мамандандырылған болып екіге бөлінеді. Сондықтан, мақала Қазақстанның банк жүйесінің дамуының қазіргі жай-күйін сипатталған және екінші деңгейдегі банктердің қызметінің көрсекіштері талданған.

Түйін сөздер: екінші деңгейлі банк, өнім, банктік операциялар, активтер, пассивтер, қаржылар.

Қазақстан Республикасындағы банк жүйесі Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы заңмен реттеледі. Осы заңның 1-бабына сәйкес банк дегеніміз – банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны әділет органдарында банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы болуымен белгіленеді [1].

Бүгінгі таңда коммерциялық банктер клиентке 200 түрлі банк өнімдері мен қызмет көрсетулерді ұсынуға қабілетті. Олар капиталдарды тартып, ел тұрғындардың бос ақша құралдарды сақтап отырып, шаруашылық қызмет процесінде шығаруды және қосымша капиталды қажет ететін экономикалық субъектілерге уақытша пайдалануға ұсынады. Қаржылық делдалдар маңызды халық шаруашылық функцияны атқара отырып, жалпы қоғамға ақша капиталды және салааралық механизмді қайта бөлуді қамтамасыз етеді.

Аталған қызмет түрлері банк қызметтерінің негізі болып табылады, әр бір операциялардың түрі банктің арнайы бөлімі негізінде орындалады. Осылайша банктер шаруашылықта ұйымдар үшін тауар айналымын және есеп айырысуды қолдануға төлем құралын құруға қабілетті. Төлем құралын құру депозиттік функцияларын және банк клиенттерді несиелендіру функциясымен тікелей байланысты.

Депозиттер екі жолымен жүзеге асырылады: банкке клиенттердің қолма-қол ақшаны енгізу нәтижесінде немесе банк несиелендіру процесінде пайда болады. Коммерциялық банктердің депозиттерді көбейтуде Ұлттық банк міндетті резервтер жүйесі арқылы несие динамикасын басқарады.

Банк қызметі тәжірибесінде ақша бөлігін жасай отырып, оны қажетті мақсаттарға байланысты жоя алады. Мұндай жағдайда, ең алдымен банк шотынан клиенттердің қолма-қол ақшаны шығарса, екінші жағынан депозит шотынан ақшаны есеп жазбасынан шығару көмегімен несие төлемін жабуға болады, сонымен қатар бағалы қағаздар сату кезіндегі салымшы шоттағы салым суммасы қысқарады, ал жалпы ақша массасы көбею шегіне жетеді.

Банк қызметінің екінші негізгі қызметі несие жүйесіндегі делдалдық қызметін орындайды. Коммерциялық банктер шаруашылық бірліктер мен секторлар арасындағы делдалдық рольді атқара отырып, қосымша капиталды уақытша қажет ететін экономикалық айналым қатысушыларына қызмет атқарады [2].

Коммерциялық банктердің қаржылық делдалдар ретінде басқа несие мекемелерімен бәсекелістік жасап отырады. Олар бос капитал иелеріне ақшаны тиімді сақтау формасына әртүрлі депозиттерді қабылдау жолымен ақша құралдарды сақтандыру мен клиенттердің ликвидтілігін қажеттілігін қамтамасыз етеді. Клиенттерге мұндай ақша сақтаудың формасы және акциялар мен облигацияларды сатып алу жолы өте табысты болып келеді.

Банктік несие көптеген жағдайда қаржылық қызмет көрсету формасында ыңғайлы, нақты қарыз алушылардың тұтынушылығын ескере отырып, ссуда алуға қайтарым, белгілі бір сыйақы негізінде, белгілі бір мерзімге дейінгі ұсынылатын уақытша бос ақша құралдарын шаруашылық субъектілерге арналған қарыз құралдарының бірі болып табылады.

«Банктер мен банк қызметі туралы» заңы бойынша екінші деңгейлі банктердің ұсынушы акцияларды шығару құқықты иеленбей, акционерлік қоғам формасында құрылуы мүмкін.

Акционерлік банктің құрылтайшылары ҚР-ң резидентті емес банктер, еншілес банктерді құру ерекшелігі есебінен Қазақстанның резидентті емес жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін [3].

Екінші деңгейлі банктер жеке және заңды тұлғалардың тартылған ақша құралдарды немесе банктік емес қаржылық мекемелер мен банктегі корпоративті шоттарды жүргізу, есептік қасалық аударымдар, ссудалық, трасстық, клирингтік, сейфтік, ломбардтық операциялар, қаржылық капитал салымдары және шетел валютасы бойынша операцияларды өткізуге рұқсат етіледі.



1 сурет – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жиынтық көрсеткіштері, мың тенге

Суреттен көріп отырғанымыздай еліміздегі коммерциялық банктердің активтер жиынтығы 2009 жылмен 2015 жылды салыстырғанда екі есе өскен. Коммерциялық банктердің активтер жиынтығы 2009 жылы 11554904647 мың тенге болса, 2015 жылы 23780262081 мың тенгені құраған. Ал пассив бойынша міндеттемелер жиынтығыда 2009 жылмен 2015 жылды салыстырғанда екі есе өскен. Коммерциялық банктердің міндеттемелер жиынтығы 2009 жылы 12535636316 мың тенге болса, 2015 жылы 21290210598 мың тенгені құраған [4].

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жиынтық активтері келесілерден тұрады: ақша құралдары, тазартылған қымбат металдар, корреспонденттік шоттар, басқа банктерге орналастырылған банктің салымдары, басқа банктерге берілген заемдар, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі, банктің клиенттерге қоятын талаптары, басқа да бағалы қағаздар, бағалы қағаздармен "Кері РЕПО" операциялары, банктің капиталға инвестициясы және реттелген борыш, өтелгенге дейін усталатын бағалы қағаздар, заемдар және дебиторлық берешек санатындағы басқа да борыштық құралдар, төлемдер бойынша есеп айырысулар, тауар-материалдық қорлар, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер, негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер және тағыда басқалары жатқызылады.

Республикадағы филиал банктердің көптігі, жалпы нарықтағы аудандағы сенімді бас банктерді шоғырландыруға қазіргі кезде мүмкіндік бермей жатыр, 130 қазақстандық банктерге 1021 филиал орналасқан, оның ішінде агроөнеркәсіптік банктер филиалдар саны 234 құрайды.

Банктің қаржылық көрсеткіштердің бірі - банктердің жеке капиталын өсірумен сипатталады. Банктің жеке капиталы-уставтық, резервтік, негізгі қорды, тұтыну мен жинақтау қорларын, амортизациялық қорларды, банк мекемелерінің қорларын, өндірістің дамуына жинақталған қорларды құрайды.

Банктің жеке капиталының төмендеуі себебі - банк ішіндегі жүргізіліп жатқан саясаттың тиімсіздігі, яғни несиенің өтелмеуі, жоспарланған табыстардың ақталмауы, банк жетекшінің ұстанып жатқан позициялардың бұрыстығымен сипатталады [5].

Бүгінгі таңда екінші деңгейлі банктердің деңгейі коммерциялық банктердің депозиттік көлемімен, жеке капиталының аз бөлігімен айқындалады. Сонымен бірге, әлемдік тәжірибе бойынша қазіргі банктер универсалды көп функционалды қаржылық-несиелік кешен болып табылады.

Банктің универсалды типі – депозиттік-судалық, инвестициялық-эмиссиялық, есептік-төлемдік, ақпараттық консультативтік көп санды банктік операциялардан тұрады. Қазіргі замандағы қаржылық капиталдың қажеттілігін қамтамасыз ететін көп салалы концерндердің қызметінің диверсификациясымен байланысты.

Республика үшін экономиканы тұрақтандыру жолында ішкі потенциалдық мүмкіндіктер жоғары экономика өсімі үшін республикадағы ішкі резервтер мен инвестициялық жағдайларды жағымды жасау бойынша кешенді экономикалық шараларды өткізу қажет. Республиканың қаржы жүйесін тұрақтандыру және жаңа қаржы құралдарын дамытумен банк жүйесін денсаулықтандыру маңызды болып табылады. Үкімет пен Ұлттық банктің күштері экономикадағы позитивті тенденцияларды құрумен банк жұмыстары бойынша ішкі менеджментті жетілдіру, банк жүйесін реттеу құрылымын қолдану, жалпы республикадағы ақша-несие саясатын жүзеге асырады.

Республикадағы банк жүйесінің қауіпті жағдайға жақын болған негізінде функциялар ссудалық портфельдің төмен сапасы, банктің жоғары басқару звеносының тәжірибесіздігінде және активтер мен пассивтерді басқару бойынша білімнің жоқтығымен сипатталады.

Банкті басқарудың әлемдік тәжірибені зерттеу мен кеңейту мақсатында банкті басқару құралдарын және классикалық құралдарын зерттеу арқылы бүгінгі таңда республикадағы банкирлердің кәсіптік деңгейі жоғарлауда, көптеген мамандар қаржы нарығында жаңа құралдарды меңгеріп жатыр, банктің менеджерлері белсенді түрде дәстүрлі жүйеден банк қызметін басқарудағы жаңа жүйелік тәсілдерге көшуді банктің қаржылық жағдайдың мониторингі үшін көрсеткіштердің жаңа жүйелері еніп жатыр, активтер мен пассивтерді басқаруда классикалық құралдар бейімделіп, банктер үшін әріптестердің әр түрлі шектеуліктердің қолдануда лимиттерді қалыптастыру тәжірибені зертеу жолында. Жалпы табыстар мен шығындар арқылы табыстарды бағалау әдістері еніп жатыр.

Республика банктерінде активтерді жаңа басқару әдістері қолданылып жатыр: ағымдағы кірістер мен төлемдер енгізу графигі, жоспарлы баланс пен бюджетті жоспарлау. Банктің басшылары көбінесе бүгінгі күнде нәтижеге бағытталған активтердің ағымдағы табыстылығын арттыру, ағымдағы ликвидтілік, банктік технологиларды дамыту. Институтционалдық дамытудың мәселелері-қаржы нарығында дамушы жағдайында бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін «банк ақылына» болашақта қандай жемістер алып келуі мүмкін тек қана прогрессивті ойлайтын басшылардың қызығушылықтарын ашу мүмкін.

Кадрлық потенциалды арттыру негізінде банктік менеджменттің жетілдірілуі кең перспективаны көздейді. Бұл ең алдымен операциялардың жаңа түрлерін дамыту мен әр түрлі бағыттар бойынша перспективалық әдістерді реттеу:

- банктің операциялық стратегиясын жетілдіретін оңтайландыру бойынша модельдерді енгізу
- шығындардың шектеулігі бойынша «direct-costing» табыстар мен шығындарды рационализациялау
- маркетингтік зерттеулерді өткізу жолымен нарықтың сегменттерін мен банк саясатының сыртқы ортаның әсер етудің бағалау әдістері

- клиенттердің тұрақты түрде досьені зертеу негізінде банк клиенттердің қаржылық жағдайы бойынша мониторинг жүргізу

Банктің қызмет көрсету спектрін кеңейту жаңа банк өнімін енгізу жаңа технологияларды дамытусыз мүмкін емес. Әр жақты банк технологиясын дамыту, банктік карточкаларын бойынша қызмет көрсетулер жүйесін кеңейту, сауда желісінде ғана емес, сонымен қатар автомобиль саласындағы жөндеумен сатып алау бойынша, банктік карточкалары бойынша жеке куәлікті алмастыру, салық салу инспекциясында салықты төлеу құралдарын кеңейту, ол жалпы адамдар арасында мәдениетті жоғарлатып, қызмет көрсету жылдамдығын артырады.

«Банк-клиент» жүйесін дамыту «on-line» режимде қызмет көрсету жүйесі клиенттерге сапалы қызмет көрсету мен технологияларды жетілдіруде, жаңа кезеңі болып табылады. Жаңа технологияларды енгізу жағдайында белгілі бір шығындарды анықтауды талап етеді, дегенмен мұндай шығындарды болашақта қандай тиімділікті қамтамасыз етумен салыстыруға болмайды. Бәсекелестіктің күшеюі екінші деңгейлі банк қызметі үшін және экономикалық саясаттың органы республикадағы ақша-несие мекемелерін бақылау мен реттеуді жүргізуге қиындықты соқтырады, ең алдымен Ұлттық банктің ақша-несие жүйесіне денсаулықтыруға жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» ҚР заңы, 31.08.1995 ж., N 2444.
- 2 Брюк Н. Банковское дело и финансирование инвестиций. – Әлемдік банктер дамуының экономикалық институты, 2009 ж.
- 3 Жукова Е. Ф-М: Банки и Биржа : оқулық. Ақша және несиенің жалпы теориясы. Банки Казахстана / Е. Жукова. – Алматы, 2008. – № 12. – 4-11 бет.
- 4 Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің қызметтерінің негізгі көрсеткіштері // Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми статистикалық ақпараты//www.stat.gov.kz/ (электрондық нұсқа).
- 5 Жунусова Г. Банктік бәсекелестіктің негізгі ерекшеліктері / Г. Жунусова // АльПари. – Алматы, 2009. – N3-4. – С.100-103.

РЕЗЮМЕ

Деятельность банковских учреждений очень многообразна. В настоящий момент банки занимают самыми разнообразными видами операций и подразделяются на универсальные и специализированные. Поэтому в статье рассмотрено современное состояние развития банковской системы Республики Казахстан и проанализированы показатели деятельности банков второго уровня.

Ключевые слова: банки второго уровня, продукты, банковские операции, актив, пассив, финансы.

RESUME

Banking institutions are very diverse. At the moment, banks are engaged in a wide variety of types of operations and are divided into universal and specialized. Therefore, the article describes the current state of development of Kazakhstan's banking system and analyzed the performance of banks' activities vtrogo level.

Keywords: second-tier banks, groceries, banking, asset, liability and finance.